



## Болгар халқына құт-береке тіледі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Болгария Республикасының Президенті Румен Радевке осы елдің ұлттық мерекесіне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Қазақстан Президенті құттықтауында екі ел арасындағы дәстүрлі достық пен өзара тиімді ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынастың одан әрі нығая беретініне сенім білдірген.

Қасым-Жомарт Тоқаев Румен Радевтің жауапты мемлекеттік қызметіне толағай табыс, ал достас болгар халқына құт-береке тіледі.

### ПРЕЗИДЕНТ ПОШТАСЫНАН

## Президент атына келген құттықтау жеделхаттары

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына шет мемлекеттердің басшылары мен халықаралық ұйым жетекшілерінен қасиетті Рамазан айының басталуына орай құттықтау жеделхаттары келді.

Қазақстан Президентін Озбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Сауд Арабиясының Королі, Қос киенің сақшысы Салман бен Әбделазиз Әл Сауд, Сауд Арабиясының Тақ мұрагері, Премьер-министрі ханзада Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Сауд, БАӘ Президенті Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян, БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрі, Дубай билеушісі Мұхаммед бен Рашид Әл Мактум, Иордания Королі II Абдалла бен әл-Хусейн, Кувейт Мемлекетінің Әмірі Мишааль

әл-Ахмад әл-Джабер ас-Сабах, Кувейттің Тақ мұрагері Сабах Халид әл-Хамад Ас-Сабах, Оман Сұлтаны Хайсам бен Тарик, Мысыр Президенті Әбдел Фаттах Ас-Сиси, Марокко Королі VI Мұхаммед, Бахрейн Королі Хамад бен Иса Әл Халифа, Израиль Президенті Ицхак Герцог, Ислам ынтымақтастығы ұйымының бас хатшысы Хиссейн Брахим Таха, ОПЕК бас хатшысы Хайсам әл-Гаис және басқалары құттықтады. Мемлекет басшысының атына құттықтау жеделхаттары әлі де келіп түсіп жатыр.

### РЕСМИ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

### Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы

Осы Заң Түркістан қаласының ерекше мәртебесінің құқықтық негіздерін реттейді және оны бірегей мұра ретінде сақтауға, зерделеуге және ілгерілетуге бағытталған.

1-бап. Түркістан қаласының мәртебесі  
Түркістан қаласы Қазақстан Республикасының рухани, тарихи-мәдени, туристік орталығы және сәулет мұрасы болып табылады.

2-бап. Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы

1. Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңмен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

8 >

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

### Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Түркістан қаласының ерекше мәртебесі және шет елдегі мәдениет орталықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2023 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) 14-1-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

«21) осы Кодекске және «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өтеусіз берілген жер учаскелерінде мемлекеттік әлеуметтік объектілер (мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдар, ауруханалар мен емханалар) салу кезеңіне уақытша өтеусіз жер пайдалану шарттарын жасасу жатады.»;

8 >

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

### Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы

2022 жылғы 10 мамырда Анкарада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификацияланды.

Қазақстан Республикасының Президенті  
**Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 3 наурыз  
№ 167-VIII ҚРЗ

### МЕМЛЕКЕТТІК МҮДДЕ

# Шаһарды еңселендіретін ерекше мәртебе



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан қаласына ерекше мәртебе беру туралы заңға қол қойған күнді өңір халқы ел тарихындағы маңызды оқиға ретінде бағалап отыр. Осылайша, Түркістан жаңа даму белесіне қадам басты. Қала тарихи-мәдени, экономикалық және туристік әлеуетінің деңгейін одан әрі көтереді. Яғни Ұлы Жібек жолының жүзегінде орналасқан Түркістан енді заңнамалық тұрғыдан қолдауға ие болып, ерекше басқару жүйесімен өркендей түспек. Әсіресе облыс тұрғындары бұл шешімді еліміздің тарихи құндылықтарына деген құрмет пен ұлттық жаңғырудың айқын белгісі деп қабылдады.

Ғалымжан ЕЛШІБАЙ,  
«Egemen Qazaqstan»

Иә, Түркістан қаласына ерекше мәртебе беру туралы заң жобасы Мемлекет басшысының 2022 жылғы 27 қыркүйектегі Түркістан облысына сапарының қорытындысы бойынша берген тапсырмасына, 2023 жылғы

10 сәуірдегі қарарына сәйкес әзірленген еді. Кейінгі үш жылда Түркістан қаласының халқы 31,5%-ға артып өткен жылдың соңында 237 мыңға жуықтады. Жалпы өңірлік өнім көлемі облыс орталығы атанғалы 4,5 есе өсіп, былтыр 452,6 млрд теңге болды. Мемлекеттік бюджетке түсімнің көлемі 2,8 есе өсіп, 2024 жылы 80,1 млрд теңге түсті. Оның

ішінде салық түсімдері 2,3 есе өскен. Ал қала бюджеті 3 есе өсіп 147,2 млрд теңгеге жетті. Қала дамуының негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі кейінгі үш жылда 915,7 млрд теңгені құрады. Оның ішінде жеке инвестиция – 361 млрд теңге. Былтыр 400,2 млрд теңге инвестиция тартылған. Ерекше мәртебеге ие болған қаладағы арнайы экономикалық аймақта құны 38,9 млрд теңге болатын, 783 жаңа жұмыс орнымен қамту мүмкіндігі бар 9 инвестициялық жоба орналасқан. Құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұған қоса индустриялық аймақта құны 26,7 млрд теңге болатын, 1454 жаңа жұмыс орындарымен қамту мүмкіндігі бар 36 инвестициялық жоба орналасқан.

3 >

### САРАПАМА




## Жұмыспен қамту бағдарламалары қаншалықты тиімді?

Жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, халықтың тұрмысын жақсарту – негізгі әлеуметтік мәселенің бірі. Мемлекет басшысы бұл бағыттағы мемлекеттік саясат халықты лайықты жұмыспен қамту және әділ еңбекке қатынасуға негізделуге тиіс екенін айтқан еді. Жаһандық технологиялық трендтер еңбек нарығының кең көлемде трансформациялануына әкелетіні айқын. Осы орайда «Елдегі жұмыспен қамту бағдарламаларының тиімділігі қандай?» деген сауалға жауап іздеп көрейік.

Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ,  
«Egemen Qazaqstan»

Жұмыссыздарды, халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын, ауыл тұрғындарын қолдау бағытында әр жылдары қабылданған бағдарламалар кешенді шаралардан, мақсатты межелерден кенде болмады. Өлбетте, құрылымы мен басымдықтары өзгеріп отыратын экономикалық жағдай мен еңбек нарығының қажеттілігін ескерумен олар жүйелі түрде қайта қаралады. Дегенмен жұмыспен қамтудың тұжырымдамалық тәсілі өзгерген жоқ. Оқыту мен қайта даярлау, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге шағын несиелер беру, еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жолымен уақытша жұмыс орындарын құру сынды негізгі құралдар бұрынғыша қалды. Бағдарламалардың тиімділігі негізінен жұмысқа орналастырылған қатысушылардың санын баяндайтын қысқарғандық көрсеткіштермен бағаланады. Олардың жұмыспен қамтуға, қатысушылардың табысы мен әл-ауқатына ұзақмерзімді әсерін бағалайтын зерттеулер



Инфографика жасаған – Анастасия КИЯС, «ЕО»

жеткіліксіз. Жұмыспен қамту шараларына ең көп мұқтаж адамдар қол жеткізе бермейді. Есесіне бағдарламаларға онсыз да жұмыс табуға жақсы мүмкіндігі бар адамдар қатысатын жағдайлар кездеседі.

7 >

### ӨНДІРІС ӨРІСІ

Тобыл өңірінде өткен жылдың соңына таман жалпы құны 10 млрд теңгеден асатын үш бірдей сүт-тауар фермасы іске қосылды. Биыл дәл осындай тағы үш ферма ашылады.

## Сапалы сүт өндірудің сыры

Нұрқанат ҚҰЛАБАЙ,  
«Egemen Qazaqstan»

### Автоматты жүйенің артықшылығы көп

Фермалар сүт өңдеп, өнім шығарып, оны алыс-жақын шетелге экспорттап жатқан ірі кәсіпорындарды сапалы шикізат қорымен қамтамасыз етпек. Биыл Ыбырай Алтынсарин, Әулікөл, Жігітқара, Қарабалық, Қостанай, Сарыкөл, Бейімбет Майлин аудандары мен Арқалық қаласында 10 сүт-тауар фермасының құрылысы басталады.

Былтыр желтоқсанда Меңдіқара ауданына қарасты Степанов ауылында 1 200 басқа арналған сүт-тауар фермасы іске қосылған. Ферма аудан орталығы Боровскойдағы май зауытына күн сайын 8 тонна сүт жеткізеді. Нәтижесінде, зауыт шикізат тапшылығынан құтылып, өнім көлемін ұлғайтты. 30 шақты ауыл тұрғыны тұрақты жұмысқа орналасты. Кәсіпорында шведтің «DeLaval» компаниясының заманауи сауын қондырғысы орнатылған. Айналымды шенбер тәрізді сауын алаңы бастан-аяқ автоматтандырылған бағдарламамен басқарылады. Сауын аяқталған соң құрылғы өзін-өзі жуып, тазартып қояды.

5 >

